




2023-2024 оқу жылындағы мектеп  
Педагог-психологының  
ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЕСЕБІ  
Атқарылған жұмыстарының есебі.

Педагог-психолог: С.А.Калхаманова

Арыс қаласы  
2023-2024 оқу жылы

**«№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесінің  
2023-2024 оқу жылында педагог-психологтың  
жүргізген жұмыстары туралы есебі .**

Мектептегі психолог өз жұмысында әрбір оқушының жан-жақты білімді, білікті және тәрбиеленген тұлға болып жетілуіне әсер ететін барлық жағдайларды қарастырады. Педагогикалық ұжыммен, жас мұғалімдермен, ата-аналармен ағарту жұмыстарын жүргізіп, кеңестер береді.

**Өзекті мәселесі :** Жеке тұлғаны қалыптастыруға және қабілетін дамытуға қажетті психологиялық-әлеуметтік ортаның қалыптасуына ықпал ету.

**Мақсаты :** Оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін анықтау. Оқушылардың психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтарды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту. Педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу, психологиялық мәдениетін көтеру.

**Міндеті :**

- Өмірге икемді, алдағы атқаратын істерді толық сезе білетін, өмірде көзқарасы қажетті дәрежеде таныта алатын тұлғаны тәрбиелеу;
- Ұжымда жағымды психологиялық хал-ахуалдың болуына әсер ету, жекеленген ауытқушылықтардың алдын алу;
- Оқушылардың өзін-өзі тәрбиелеу, өз бетімен білім-біліктілікті дамыту қабілеттерін қалыптастыру;
- Оқудың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың психологиялық дамуын зерттеу;
- Мұғалімдер мен оқушылардың, ата-аналардың қарым-қатынасын реттеу.

Мектеп оқушыларының әрқайсысына жеке диагностикалық карта құрылып, жеке картада оқушы туралы жалпы деректер, отбасы, денсаулық жағдайы, оқушылардың арасындағы беделі, шығармашылық қабілетінің даму деңгейі анықталып, тиісті жұмыстар жүргізілді.

**Қыркүйек айында.** Оқушылардың жазғы демалыстан кейінгі көңіл күйлерімен таныстық. 1 сыныптар мен танысып, оқушылардың мектепке бейімделуін қадағалап, педагог-психолог С.Калхаманованың ұйымдастыруымен 1 – сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейін анықтау мақсатында 1 «а», 1 «б», 1 «в» сыныптарынан Керн-Йирасек тесті алынды. Тест нәтижесі бойынша оқушылардың дайындық деңгейі жақсы. Балалардың қимыл әрекеттері және үйлесімділігі қалыптасқан. Жалпы бала тәрбиесіндегі психологиялық көз қарасы мен ұстаздың балаға деген көз қарастары бірін - бірі толықтырып отырса, ата - анамен, байланыста болса жұмыс өз нәтижесін береді.

**1- сынып диагностика қортындысы:**

**1. Керн-Йирасек тесті (1-сынып)**

Мақсаты: Жалпы психикасының дамуын анықтау

Тест үш тапсырмадан тұрады:

1. ойға сүйене отырып ер адамның суретін салып дене бітімін бейнелеу;
2. жазба әріптерін үлгіден көшіріп салу;
3. нүктелер тобын көшіріп салу.


Қатысқандар саны – 68 оқушы (1 «а», 1 «б», 1 «в»)

Нәтижесі:

Ер адамның суретін салу:

| № | Сынып       | Жоғарғы | Орташа | Төмен |
|---|-------------|---------|--------|-------|
| 1 | 1 «а» сынып | 17      | 6      | 1     |
| 2 | 1 «б» сынып | 19      | 4      |       |
| 3 | 1 «в» сынып | 18      | 2      | 1     |


Диаграмма:



Бір топ нүктелерді көшіру:

| № | Сынып       | Жоғарғы | Орташа | Төмен |
|---|-------------|---------|--------|-------|
| 1 | 1 «а» сынып | 15      | 8      | 1     |
| 2 | 1 «б» сынып | 19      | 4      |       |
| 3 | 1 «в» сынып | 14      | 6      | 1     |

Диаграмма



Ұсыныс :

1. Сынып жетекшісі оқушылардың қол моторикасының қимыл қалыптасуына ықпал ету.

2. 1 «А» сынып оқушысы Орынбасар Айым және 1 «В» сынып оқушысы Саматұлы Құдіретке ата - ана тарапынан қадағалансын.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid026GG93tjpPxmSDh7VxoNqv4WL5rrPdwvfo59NoWhaQPV4pjUBryEzk7aH11BZpvJl&id=100011421820507&sfnsn=wa&mibextid=WiMSqg](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid026GG93tjpPxmSDh7VxoNqv4WL5rrPdwvfo59NoWhaQPV4pjUBryEzk7aH11BZpvJl&id=100011421820507&sfnsn=wa&mibextid=WiMSqg)



9 – сынып оқушылары арасында «Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ерте жүктілік пен өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу» тақырыбында ААОА-ның акушер-геникологы А.Н. Акимкулова, ӘПСКС меңгерушісі Ж.Қ.Абылова, Арыс АПБ ЖПҚ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция майоры А.Мырзахметова, «Жастар ресурстық орталығының» психологы Д.Тәжі, Мектепшілік әжелер алқасының мүшесі А.Асанованың қатысуымен іс -шара өтілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid02NLghpT7fTydqx44Czv7nozXy2RSGzXt1P2qC2oWoc9iT1ayFq7mFio7yC92c5eUol&id=100011421820507&mibextid=WiMSqg](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02NLghpT7fTydqx44Czv7nozXy2RSGzXt1P2qC2oWoc9iT1ayFq7mFio7yC92c5eUol&id=100011421820507&mibextid=WiMSqg)



Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте, мектептен тыс оқушыларға жасалған зорлық-зомбылық туралы фактілер анықталмады. Зорлық-зомбылыққа тап болған және куә болған жағдайда қалай әрекет ету керектігі және кімнен көмек сұрау керектігі туралы оқушылар хабардар.

оқушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар ету мақсатында «Вейпсіз әлем» суреттер челленджі ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар болу және балаларды вейпинг сияқты жаман әдеттерден бас тартуға және оларды белсенді және сау әрекеттермен алмастыруға шабыттандыру. Оқушылар белсенді қатысты және өз ойларын білдірді.



[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid023CTSXqQ7BWx67NxU1novBpDdVPNJ4GE7nNJnpEfbjwyqQdtB6WSN4avDHcatyWRel&id=100011421820507&mibextid=WiMSqg](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid023CTSXqQ7BWx67NxU1novBpDdVPNJ4GE7nNJnpEfbjwyqQdtB6WSN4avDHcatyWRel&id=100011421820507&mibextid=WiMSqg)

**Қазан айында.** Педагог-психолог С.Калхаманованың ұйымдастыруымен мектебімізде оқушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар ету мақсатында «Вейпсіз әлем» суреттер челленджі ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** балалар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар болу және балаларды вейпинг сияқты жаман әдеттерден бас тартуға және оларды белсенді және сау әрекеттермен алмастыруға шабыттандыру. Оқушылар белсенді қатысты және өз ойларын білдірді.

<https://www.facebook.com/share/p/NRVpjwybkKwXzCEZ/?mibextid=WiMSqg>



Мектебімізде педагог-психологтардың ұйымдастыруымен мектебімізде оқушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, нашақорлықтың зияны туралы хабардар ету мақсатында **«Нашақорлыққа жол жоқ!»** атты суреттер челленджі ұйымдастырылды. **Мақсаты:** Оқушыларды зиянды әдеттерден аулақ болуға, тәрбиелі де саналы, білімді, дені сау, қайратты, елін, жерін қорғайтын, ата-ананы, үлкенді-кішіні сыйлай білетін нағыз ұлтжанды азамат және азаматша болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/wn9M6NYSSN4Vu4Mp/?mibextid=WiMSqg>



**Қараша айында** педагог-психолог С.Калхаманова мен 9"Е" сынып жетекшісі Ж.Абдрахманованың ұйымдастыруымен ата-аналар жиналысы өткізілді.

**Жиналыстың мақсаты:** Саналы тәрбие, сапалы білім беруде салауатты ұрпақ қалыптастыруда мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігін қалыптастыру.

Жиналыс кезінде ата-аналарға әр түрлі ойындар ойнатылып, қызықты тренингтер жүргізілді.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid0Vc3KLZQUNJjf8nNQwBr1iyyxp991rN1py6NCGPQgBXtKTEMgcCZyDNH2ZtZPFHKml&id=100011421820507&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0Vc3KLZQUNJjf8nNQwBr1iyyxp991rN1py6NCGPQgBXtKTEMgcCZyDNH2ZtZPFHKml&id=100011421820507&sfnsn=wa&mibextid=RUbZ1f)



**21.11.2023 жылы** «Адамның үйлесімді дамуының ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ұйымдастырған оқушылар арасында салауатты өмір салтын ұстану, вейпингтің зияны туралы хабардар ету мақсатында «Вейпсіз әлем» балалар челленджі ережеге сәйкес өтілген болатын. Нәтижесінде «Вейпсіз әлем» республикалық челленджіне белсене қатысқандары үшін 9 сынып оқушылары Асқар Ілияс, Жанбирбай Бақытжан, Ислам Аружан, Серік Нұрдәулет, Оналхан Ажар «Сертификат» марапатымен және мектептің педагог-психологы Салтанат Калхаманова «Алғыс хат» марапатымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/aGA2pNbBQKbvbMBv/?mibextid=WiMSqg>





**2023 жылдың 27 қыркүйек күні №32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы білім беретін мектебінің Акт залында 10 сынып қыздары арасында «Балалардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері» тақырыбында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында талқылау өткізілді.**

**Мақсаты:** қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік сыпайылық, тиянақтылық тазалық қасиеттерді дамыту. Арыс ІІБ-нің ЖПҚ КПИ УПИ-нің лейтенанты Қ.Назаров, Арыс ІІБ-нің ОПБ-нің аға инспекторы полиция майоры Акмулдаев Бекжан Абдиашимович, ДОІЖО Ж.Батырбекова, ДТІЖО М.Ахметова, педагог-психолог С.Калхаманованың қатысуымен кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/wnN2hhcJX8mX66eU/?mibextid=WiMSgg>



Мектеп психологы С.Калхаманова мен кітапханашы А.Манаеваның ұйымдастыруымен «Отбасындағы зорлық – зомбылық -өзекті мәселе» тақырыбында 8 сынып оқушыларының қатысуымен кітап көрмесі ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** оқырмандарға зорлық-зомбылық туралы кеңінен ақпарат бере отырып, балалар мен үлкендер арасындағы ең басты құндылығы оның бас бостандығы және өз құқығын қорғау туралы үйрету.

Көрмеде оқушыларға зорлық-зомбылық туралы кітаптар, заңдардан үзінділер мен суреттер таныстырылды.

[https://m.facebook.com/story.php?story\\_fbid=pfbid07aQY8n9dkrXmNVL4ZHYx3megPbCBu6U1Bz7cC8NAazdQGXR6ZvrWZiBgVpavw9yl&id=100011421820507&mibextid=WiMSqg](https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid07aQY8n9dkrXmNVL4ZHYx3megPbCBu6U1Bz7cC8NAazdQGXR6ZvrWZiBgVpavw9yl&id=100011421820507&mibextid=WiMSqg)



**Қараша мен желтоқсан** айларында «БЕС ТЕРЕК» жобасы аясында далалық зерттеу жиынтық кестесі жинақталып тәуекел топты анықтау мақсатында жұмыс жүргізілді. Бұл жобада кабинеттік талдау мен далалық зерттеулердің нәтижелерін біріктіреді және жинаған ұпайларына сәйкес тәуекел тобындағы оқушыларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жобада **3 тәуекел деңгейі** бар: «**Жасыл тәуекел деңгейі**», «**Сары тәуекел деңгейі**», «**Қызыл тәуекел деңгейі**». Нәтижесі төмендегідей мектебімізде «**Жасыл тәуекел деңгейі**» анықталып, "ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ" Республикалық қоғамдық Қоры сайтына барлық нәтижелері тіркелінді.

**Жасыл тәуекел деңгейі:**

*(оқушы 1-15 ұпай жинады)*

11 А, Ә, Б, В, Г - 107 оқушы

10 А, Ә, Б, В, Г, Д - 134 оқушы

9 А, Ә, Б, В, Г, Д, Е, Ж - 177 оқушы

8 А, Ә, Д - 66 оқушы анықталды.

**Сары тәуекел деңгейі : : жоқ**

*(оқушы 16-30 ұпай жинады)*

**Қызыл тәуекел деңгейі : жоқ**

*(оқушы 31-40 ұпай жинады)*

**Қаңтар айында** 1а, 1б, 1в сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар.

Биылғы оқу жылында бірінші сыныптарды жалпы 68 оқушы. Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтауда Керн-Йирасек тест алынды. Бұл тест үш тапсырмадан тұрады: еске байланысты ер адамның тұлғасын салу, жазба әріптерін салу, көшіру, нүктелер тобын салу. Баланың мектепке қажетті функциялары қаншалықты қалыптасқанын анықтау, сөйлеу, ақыл-ой дамуы, оқу тапсырманы орындау қабілеттері, бейнелеу дағдылары жақсы бағалнды.

1 «а», «б», «в» сынып оқушыларымен таным процестерін зерттеуде «Қиынсыздықтар» әдістемесі, Баланың ақыл-ойын даму деңгейін анықтауда «Мұнара құру», «Не артық?», сурет бойынша әңгіме құрауда «Айырмашылықты тап», «Жағымды қасиеттерді анықтау» әдістемелері алынды. «Сиқырлы таяқша», «Бет-әлпетті демалдыру», «Понтомимика», «Қолмен билеу» ойын-жаттығулар жүргізілді. Нәтижесінде


1 а, б, в сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жақсы деңгейде болды. Түзету-дамытуды қажет ететін 1-сынып оқушыларымен қол қимылдарының және қол буындарының қимылын дамытуда «Допты ұста», «Саусақ санау», «Бірдей фигура тап және боя», «Кактус», «Социометрия» әдістемелері және «Бүтін-және бөлшек» ойын-жаттығулар жүргізілді. Зейінді дамытуда «Графикалық диктант», көру арқылы қабылдауда «Үлкен, кіші», оқушының сенсорикасын дамытуда түсті көру арқылы салыстыру және топтау, ажыратуда «Есте сақта және боя» әдістемелері, «Мен байқампаздыққа үйренемін» сөйлеу, есту қабілеттерін дамытуда ми гимнастикасы, ойын-жаттығулар жүргізілді.

**Ақпан айында** 2 «а», «б», 2 «в», 3 «а», «б» сынып оқушыларының оқу мотивациясын тексеру мақсатында «Маған мектепте не ұнайды?» Н.Г.Лусканов сауалнама, зейінді дамыту және түзетуде «Графикалық диктант», көріп және естіп есте сақтау қабілетін, зейінін анықтауда «Әріптерді жаз», «Суреттегі жасырынған заттар»,

« Айырмашылықты тап» ойын-жаттығулар, тренингтер жүргізілді. Оқушының отбасымен қарым-қатынасын анықтауда «Менің отбасым» тақырыбында суретті тест алынып , нәтижесінде отбасына деген сыйластық, сүйіспеншілік бар екендігі анықталды. «Өмір ғажап!» суретті тесте оқушының жан дүниесін байыту арқылы адамгершілікке жетелеуде жақсы қасиеттерін, айналасына деген сүйіспеншілігін, өмірге деген құштарлығын, өз таңдауымен отбасын, құрбы құрдастарын, табиғатты бейнелеуде өз ойларын сурет арқылы жақсы жағынан көрсетті. Адамның эго күшінің диагностикасына, оның жағымсыз жағдайларға қарсы тұру қабілетіне, балаға өзінің ішкі дүниесін көрсетуіне және өзін түсінуіне ықпал жасауда «Менің сыныбым», «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі, «Топ-топ», «Кім екені тап?» ойын-жаттығу, тренингтер жүргізілді. Нәтижесі бойынша оқушылардың хал-ахуалы жақсы, қобалжуы, алаңдаушылығы байқалмады.







**Наурыз, сәуір айларында 9-10 сыныптармен жұмыс жеке өмірге қадам басқан оқушы үшін мамандық таңдау мәселесі - ең маңызды кезең болып табылады.** Оқушылардың өз бейімділіктері, қабілеттері мен мүмкіндіктері анықтап, болашақтағы білім алу бейімі мен мамандығын таңдау барысында дер кезінде психологиялық көмек көрсетілуі қажет.

9 сынып оқушыларымен мамандыққа икемділігі (Голланд әдісі бойынша), қызығушылықтар картасы «Мен қаладым» саралаушы – диагностикалық сұрақнамасы, «менің таңдауым» сауалнамасы жүргізілді. «Болашақ мамандық туралы қиялдайық» тренингі, «Менің таңдауым» сауалнамасы бойынша оқушылардың бағыт-бағдары анықталды: «Мен таңдаған жол», «Стрессті қалай жеңеміз» атты тренинг-сабақ өтіліп, оқушылар мамандық таңдаудағы өз ойларын ортаға салды. Және де оқушыларға жоспарға сәйкес профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, мектептің фейзбук әлеуметтік желісіне жарияланып тұрды.





**Мамыр айында** ҰБТ-ға оқушыларды психологиялық тұрғыда дайындау кезеңдері төмендегідей:

- 1.Оқу танымдық қабілеттерін түзете дамыту;
- 2.Шығармашылық –танымдық қабілеттерін дамыту;
- 3.Сенімділігін бойларына қондыру;
- 4.Психикалық күштерден ( стресс пен қорқыныш ) арылту

Оқушылардың қабілетін белгілі бір кәсіптік салаға бейімділігін анықтау, жоғарғы буында оқу бағдарын дұрыс таңдауға көмек беру «Сенің кәсіби ой - ниетің» атты кеңес берілді. Кім болатынын, алға қойатын мақсатын анықтап, жеке және кәсіби өзін-өзі табуына байланысты «Мамандық туралы хабарың» сауалнамасы алынды. Әр оқушы қандай мамандық иесі болатыны жайлы жазды. Ата-аналарға, оқушыларға кәсіби бағдар, кеңестер берілді. Адамның жеке тұлғааралық ерекшеліктеріне байланысты кәсіптік саладағы мамандықтарға жақын екенін анықтау мақсатында Д.Голландтың тесті алынды. «Болашақ мамандық туралы армандайық» тренингі жүргізілді. Алға қойған мақсатқа жету үшін байқалатын табандылықты анықтау үшін «Табандылықты анықтау» сауалнамасын орындады. Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру бойынша «Мен қаладым» сұрақнамасы алынды. Өзіндік бағасын нығайтуда, позитивті кері байланыс алу үшін «Маған сәт -сапар тілеңіз» тренингі ұйымдастырылды. ҰБТ

тапсыратын және емтихан тапсыратын 11-сынып оқушыларымен жыл бойы әртүрлі жұмыстар жүргізілді. Өмірге көзқарастары, ҰБТ туралы, менің сүйікті ұстазым тақырыптарына сауалнамалар алынды. «ҰБТ-ға сеніммен барайық!» атты тренинг-сабақ өтіліп, оқушылар мамандық таңдаудағы өз ойларын ортаға салды. 11 сынып оқушылардың қатысуымен волонтерлық іс-шаралар да өткізілді. Және іс-шара жоспарына сәйкес профилактикалық жұмыстар да жүргізіліп, мектептің фейзбук желісіне жарияланып отырылды. 9-11 сын. 100%-жағымды қарым-қатынас, 100%-агрессия жоқ.




9-11 сынып ата-аналарымен баланың келешек мамандығын дұрыс таңдауына ықпал етіп, көмек көрсету туралы айтылды. Ата – аналар жиналысында «Сіз қандай ата – анасыз?», «Мен қандай ата-анамын?» атты сауалнамалар, «Ата-ана махаббаты» тренингтері ұйымдастырылды. Және ата-аналарға арналған кеңестер жазылған жадынамалар тарқатылды. Отбасылық тәрбиенің ерекшелігі мен жан-жақтылығы өз сипаты бойынша эмоционалды болып келетіндігінде болады және өз негізінде ата-аналар мен балалардың өзара махаббатына ие болады. Ешбір балаларды тәрбиелеуші мекеме отбасылық қарым қатынасқа, эмоционалдық сала мен сезімдерді тәрбиелеуге ықпал ететін модельді ойлап шығара алмайды. Отбасылық тәрбие, бала бойында, отбасылық – тұрмыстық рөлдерді білуді, басқалады түсіну мүмкіндігін, өзін-өзі өзектендіру қабілетін дамытады. Ата-ана мен мектептің өзара әрекеттесуі үрдісі ата-

аналарды оқу-тәрбие үрдісіне және бос уақыттағы сыныптан тыс қызметке белсенді түрде қатыстыруға балалар және педагогтармен тиімді дүрде ынтымақтастығын дамытуға бағытталған болуы тиіс. Мектептегі психологиялық қызметтің тәлім-тәрбиенің орталығы болып, жас ұрпақты қоғам талаптарына сай жеке тұлға ретінде жетілдірудегі рөлі зор.







**Педагог - психолог:**

**С.А.Калхаманова**